

Қордай а, Жібек Жолы көшесі, 278
тел: 8(726-36) 4-54-95

с.Қордай, ул.Жібек Жолы, 278
e-mail: korday_kogam.kenes@mail.ru

№ 24-08/48

« 28 » 06 20 24 ж.

**Қордай ауданы әкімдігінің
ішкі саясат бөлімі
басшысы М.Қарабаевқа**

**Аудандық қоғамдық кеңестің 2024 жылдың
бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарының есебі**

Қоғамдық кеңестің бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 6 отырыс өткізіліп, бірнеше мәселелер қаралды.

Бірінші, екінші отырыстарында аудандық Қоғамдық кеңестің 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған іс-жоспары бекітіліп, кеңес мүшелеріне нақты тапсырмалар берілді.

Үшінші отырыс 23 ақпанында өткізілді, отырыста 2 мәселе қаралды, олар жергілікті полиция қызметінің аудан көлемінде қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстары және халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстары қаралды.

Төртінші отырыста 4 наурызда өткізіліп, күн тәртібінде 3 мәселе қаралды.

Бірінші мәселе – Қордай аудандық электр тарату жүйесі, «Қордай су» мекемесі және «Қордай газ» шаруашылықтарының 2024 жылға бекітілген тарифтері туралы қаралып, аудан тұрғындары үшін аса маңызды бұл сұрақтар төңірегінде кеңес мүшелері бірқатар зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Отырыс барысында кеңес мүшелері тарапынан тарифтердің өзгеруі, есептегіш құралдарды ауыстыру, оларға төлем, ескірген бағаналарды ауыстыру және өзге де өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды.

Екінші мәселесі бойынша Қордай ауданы әкімдігінің спорт бөлімі бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы және 15 мамырдың **бесінші отырысында** бөлімнің атқарылған жұмыстарының зерделеу нәтижесі қаралды.

Үшінші мәселесі бойынша аудандағы білім бөлімінің кешкі мектептептерінің білім беру сапасы зерделеніп, нәтижесі қаралды.


Алтыншы отырыс 11 маусымда өткізіліп, күн тәртібінде 1 мәселе қаралды, ол Масаншы және Сортөбе ауылдық округтері әкімдерінің әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында атқарып жатқан жұмыстарының есебі қаралды.

Аудандық қоғамдық кеңестің отырысындағы барлық қаралған мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылданды.

Қоғамдық кеңес қарауына ұсынылған нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қарау бойынша 15 құжат тапсырылып, ұсынымдар берілді. 2024 жылдың жоспарына сәйкес барлығы 6 отырыс өткізіліп, 8 мәселе қаралып, шешімдер шығарылып, ұсынымдар берілді, жобаларды қарау кезінде заңнамалық мерзімдер сақталды.

Аудандық қоғамдық кеңес атқарылған жұмыстары туралы аудандық қоғамдық-саяси «Қордай шамшырағы – Кордаиский маяк» газетіне 9 мақала жарияланды.

**Аудандық Қоғамдық
кеңес төрайымы**



Б. Қарамолдаева